



Акумулятор

Аккумулятор (лат. *accumulator* — жинақтауыш) - химиялық реакция энергиясын электр энергиясына айналдыратын аспап; ол электржәне су энергиясын гальвани батареяларының көмегімен жинайды. Ол жиналатын энергия түріне сәйкес электр аккумуляторы, гидравликалық аккумулятор, пневматикалық аккумулятор, жылу аккумуляторы, бу аккумуляторы және инерциялық аккумулятор болып бөлінеді.

Түрлері

- **Электр аккумуляторы** — электр энергиясын жинап (химиялық энергияға айналдыру арқылы), қажет болғанда сыртқы тізбекке бере алатын химиялық ток көзі. Ол ішінде электролит (қышқыл не сілті) және электродтары бар оқшаулағыш материалдан (эбонит, шыны, пластмасса) жасалған ыдыстан тұрады. Электр аккумуляторы тұрғылықты және тасымалды болып бөлінеді. Тұрғылықты аккумулятор электр, радио, телефон және телеграф стансасында тұрақты ток көзі ретінде, тасымал аккумулятор көшпелі қондырғыларда (көшпелі радиоаппаратураларда, автомобильдерде, ұшақтарда, электркарларда т.б.) қолданылады.
- **Газды аккумулятор** - қысымдағы газ энергияны сіңіріп сақтайтын аккумулятор.
- **Инерциялы аккумулятор** - энергиясы айналымдағы серпиде сіңіріп сақталатын механикалық аккумулятор.
- **Қышқылды аккумулятор** - қышқыл электролит құйылған аккумулятор.
- **Механикалық аккумулятор** - энергияны механикалық түрмен (мысалы, көтерілген жүк, қысылған серіппе, айналымдағы серпер) сіңіріп сақтайтын қондырғы.



Ұялы телефон аккумуляторы.



. [Nokia](#) ұялы телефонының батареякасы

Аккумуляторды зарядтау

Аккумуляторды зарядтау - аккумулятор арқылы жұмысшы токқа қарсы бағытта ток жібергенде аккумулятор электродтарындағы тотықтырғыш пен тотықсыздандырғышты регенерациялау (*бастапқы қалпына келтіру*) процесі

Қолданылуы

Аккумуляторлар электр тоғын сыммен жеткізу мүмкін болмайтын жерлерде пайдаланылады. Завод ауласында не вокзал платформасында жүретін электр арбасы – электрокардың двигателі аккумулятордың тоғымен жұмыс істейді. Автомобильдің моторын жұмыс істетуге үшін, оның білігін ең алдымен айналдырып жіберу керек. Осыны электрлік двигатель – стартер іске асырады, ал стартер аккумулятордағы жинақталған электр энергиясымен қоректенеді. Сүңгіуір қайықтардың ескек винттерін электр моторлары айналдырады, оларға энергияны биіктігі адамның бойындай үлкен аккумуляторлар береді. Космос корабльдерінде де аккумуляторсыз ештеңе істеуге болмайды.

Қазіргі кезде ғалымдар жеңіл және қуатты аккумуляторлар жасауға көңіл бөлуде.

Қазақстанда 1970 жылдан Талдықорған қаласында сілтілі және қорғасынды аккумулятор шығарылып келеді. 1975-85ж. Талдықорған аккумулятор зауыты қайта жабдықталды. Бүгінде аккумуляторлар зауытта жартылай автоматты желімен құрастырылады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!

